

УДК 723.03

## ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТҮРҒЫН ҮЙІНІҢ ГРАФИКАЛЫҚ РЕКОНСТРУКЦИЯСЫ.

Закарина Әсем Даулетайқызы

[asema.zakarina@mail.ru](mailto:asema.zakarina@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Сәулет-құрылыс факультетінің  
3-курс студенті.

Ғылыми жетекшісі – Ұ. Дүйсебаев

Батыс Қазақстан облысында киелі нысандар тізіміне алты тарихи ескертіштер енгізілген. Соның бірі «Жайық» қалашығы. Оны ғалымдар Орал қаласынан 12 шақырым жерден 2001 жылы тапқан. Көне Жайық Алтын Орда уақытына қатысы бар, атап айтқанда, ол XIII – XIV ғасырларда болғанын археологиялық жұмыстар айқындады. Қазіргі Орал қаласы ортағасырлық Жайық қаласының жалғасы деп санауға болады.

Қалашықты археологиялық зерттеу көптеген құрылыс нысандарының түрлері болғанын анықтады. Олар: тұрғын үйлердің бірнеше түрлері, қоғамдық ғимараттар (монша, мешіт), шаруашылық құрылыстары (кірпіш, жылтыр тақташалар, әктас шығаратын пештер) және т.б. Осы құрылыс нысандарының ішіндегі аса қызығушылық тудыратындардың бірі – тұрғын үй. Оның көлемдік-жоспарлық шешімі, сәулеттік келбеті қандай болған? Бұл мақалада осы сұраққа жауап беруге тырысамыз.

Салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып Сол үйлердің бір түрінің бастапқы бейнесінің графикалық реконструкциясын ұсынатын боламыз. Ол үшін, сол заманда Қазақстанда қалыптасқан және кейін оларды ғалымдар зерттеген тұрғынүй нысандарын негіз ретінде аламыз. Жайық тұрғын үйлерінің жоспарларын іргелес жатқан Сырдария өңірі мен жалпы Оңтүстік Қазақстан үй құрылысы дәстүрлерінің материалдарымен салыстырамыз.

Әуелі Жайық қалашығы бойынша археолог ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижесін келтірейік [1]. Тұрғын үйлер шикі балшық қабырғалармен бөлінген күрделі тұрғын және шаруашылық кешенінен тұрады. Тұрғын үйлердің қабырғалары тікбұрышты және шаршы форматтағы шикі кірпіштен салынған. Олардың көлем өлшемдері орташа алғанда 25x25x7 см шамасында. Қабырғаларының іші-сырты және едендері балшықпен сыланған.

Тұрғын үйлер әдетте жылу көзі ретінде де қолданылатын тандырдың каналдарымен жылытылған. Сонымен қатар, «үлкен үйлерде» және кейбір «кіші үйлерде» күйдірілген кірпіштен қаланған төртбұрыш пішінді пештері де болған. Олар әдетте еден деңгейінен биіктеу шикі кірпіштен жасалған негіздің үстіне салынған.

Тұрғын бөлмелерде «П-пішінді» суфалар /еденнен жоғары, шикі кірпіштен қаланып не балшықтан жасалған демалуға арналған орын/ бар, шаруашылық бөлмелерде қоймашұңқырлар, қоқыс шұңқырлары және «ташнау» /қолды және ыдысты жуғаннан кейін лас суды ағызуга арналған санитариялық-тазарту құрылғылары/ орналасады. Ғимараттардың негізгі қабырғаларының қалыңдығы 70-80 см. болып келеді.

Үйлердің қабырғалары тұтас шикі кірпіштен тұрғызылған. Төмендегі фотоларда (сурет 1) Жайық тұрғын үйлерінен қалған орындар, су құбыры, ыдыстар және т.б. артефактлер келтірілген.



**1 сурет** – Жайық қалашығының орнынан табылған артефактлер: 1-4 – тұрғын үйлердің қалдықтары; 5,6 – қыш ыдыстар мен хумдар; 7 – санитарлық қыш құбыр, күйдірілген кірпіш және, оюландырған, түсті қыш тақташылар; 8 – археологиялық зерттеудің негізінде жасалған үй моделінің фрагменті (музей экспонаты).

Сырдарья атрабының көне қалалары (Отырар, Сауран, Түркістан, Көк Мардан, Созақ және т.б.) тұрғын үйлерінің зерттелген нәтижелеріндегі оларға тән дәстүрлік ортақ сипаттарын келтіреміз [2-4].

XIII-XV ғасырларда, негізінен, қалалық тұрғын үйлердің дәстүрлі екі түрі пайда болды. Біріншісі - бір бөлмелі, жоспары төртбұрышты шағын үй (Сур. 2.1,2). Мұндай үй шамамен шаршы пішінді, ауданы 18-32 м<sup>2</sup> болып келеді. Оған тікелей көшеден немесе қосалқы бөлмеден кіруге болады. Есік бөлменің бұрышында, бойлық қабырғада орналасқан. Кіре берісте пеш тұрады. Бөлменің 2-3 қабырғасында жатуға арналған суфа орналастырылған. Қойма бөлмесі тұрғын үйдің түпкі қабырғасының артында орналасқан. Оған хумдарды қазып орналастырған, мұнда басқа да азық сақтауға арналған ыдыстар қойылған. Тұрғын жайдың төбесінде жарық түсуге және түтін шығуға арналған тесік болған (Сур. 2.1).


Екіншісі - көп бөлмелі үй (Сур. 2.3,7-10). Ол, негізінен, бір бөлмелі үйдің принципімен көбейтіліп салынады. Басты (көбінесе жалғыз) бөлмеде «Г-пішінді» не «П-пішінді» суфа болды. Кейінірек бөлмені тұтас алып жататын суфалар жасылынды. «Ташнау» - 1,5-2,5 шаршы метрлік кіреберістің алдындағы кішкене алаңша (Сур. 2.4). Оның едені күйдірілген шаршы кірпіштермен қапталды. Алаңшаның ортасындағы бір кірпіштің астында лас су ағып кететін құбыр орналасты. Суфаның биіктігі әдетте 50-60 см, яғни бір немесе екі тандырдың биіктігіндей болды.

Тандыр әмбебап пештің функцияларын атқарды. Атап айтқанда, ол жылыту және пісіру құралы ретінде қызмет етеді (Сур. 2.5). Тандыр салмақты қыш қақпақпен жабылды. Оттыққа қарама-қарсы, тандырдың қабырғасында диаметрі 10-12 см дөңгелек мұржалы тесік болды. Ол «канға» (каналға) ұласып, суфа ішімен жүргізіліп барып түтін шығатын тік каналға қосылады да үй төбесіне шығады.

Қабырғаларда тұрмыстық заттарға арналған ойықтар болған. Азық-түлік өнімдерін сақтау үшін арнайы бөлме-қойма болды. Ол әдетте тұрғын бөлменің артқы жағында орналасты. Қоймада қабырғалар бойымен қоқыс жәшіктері және еден деңгейінен төмен қазылып орнатылған үлкен керамикалық ыдыс - хумдар, құмыралар болды.


Үйлердің аудандары әртүрлі қалыптасты. Үлкен үйлердің ауданы 35-тен 45 м<sup>2</sup> дейін, кішілерінікі - 15-тен 20 м<sup>2</sup> дейін. Үлкен үйлердің төбе конструкциясы төрт тірекке тірелді, орташа үйлерде - бір орталық бағана ғана болды. Кіші үйлердің көтергіш конструкциялары ретінде тек қабырғалар қолданылды.

Үйдің аула жағындағы бетінде жартылай ашық бөлме - айван орналастыру дәстүрге айналған. Осылайша, VI-XIX ғасырларда тұрғынүй архитектурасының өзіндік түрлері қалыптасады (Сур. 2).



**2 сурет** – VI–XIX ғғ. арасында қалыптасқан тұрғын үйлер: 1 - қалалық тұрғын үй VII–VIII ғғ.; 2 – «кіші үй» VI–VIII ғғ., Көк-Мардан1; 3 – «үлкен үй», Отырар; 4 – басты тұрғын бөлме; 5 – тандыр, Қаратөбе; 6 – Отырар үйінің интерьері; 7 – Қарнак үйінің жоспары, XIX ғ.; 8 – Созақ үйінің жоспары, XIX ғ.; 9 – Сайрам «үлкен үйі», XIX ғ.; 10 – үйдің кесіндісі, Қарнак; 11 - XVIII ғ. Отырар-төбе үйінің графикалық реконструкциясы; 12 – Түркістан үйлерінің жалпы көрінісі, XIX ғ.

Жоғарыда келтірілген ғылыми деректерді салыстыра келе Жайық пен Сырдарья ортағасырлық тұрғын-жайлары VI-XIX ғасырларда архитектуралық сабақтастығын және даму жолындағы жалпы негізінің өзгермегенін көреміз. Демек, Жайық үйлерінің архитектуралық-жоспарлық, конструкциялық, инженерлік шешімдері осы тарихи кезең мен аймақтық құрылыс дәстүріне тән деп тұжырымдай аламыз.



**3 сурет** – Жайық үйінің графикалық реконструкциясы: А – перспективалық көрініс, Ә – жоспар, Б – 1-1 кесіндісі. 1- айван (жазғы бөлме); 2 – басты тұрғын бөлме; 3 – екі деңгейлі азық-түлік қоймасы; 4 – тұрғын бөлме;

1. Үйдің жоспары келесі бөлмелерден тұрады. Жаздық бөлме – айван, ол негізінен тұрғындардың күндізгі уақытта қолданатын жай және оның барлық бөлмелермен функциялық байланысы бар. Басты тұрғын бөлме тұрғындардың дем алатын негізгі жайы. Мұнда суфа, пеш және тандыр орналасқан. Суфаның алдында ташнау бар. Оның еденінде құбыр арқылы сарқынды су шығарылатын тесік қарастырылған. Пештің оттығы суфаның ташнау жағындағы қабырғасында. Азық-түлік қоймасы екі деңгейлі, оған басты тұрғын бөлме арқылы кіруге болады. Екінші тұрғын бөлме жас жұбайларға арналған болу керек.

2. Үйдің көше жақтағы сәулеттік шешімі өте қарапайым және тек қажеттіліктен шыққан. Үйдің аула фасады айванның болуына байланысты өзіндік көркемдігі бар. Айван мен қойма пішін көлемдері астасып, үйдің композициялық екпіні және орталығы болып тұр.

3. Үйдің конструкциялық шешімі жергілікті құрылыс материалдарына байланысты қалыптасқанын ескереміз. Қабырғалар шикі шаршы пішінді кірпіштен қаланған. Төбе жабындар басты біліктермен оған көлденең қойылған сырықтар арқылы жабылу керек.

4. Жылыту жүйесі. Пеш немесе тандырдан шыққан түтін суфа ішіндегі кан арқылы жүріп сыртқы қабырғадағы тік каналмен сыртқа шығарылады. Кан түтінің қызуын үйге таратады.

5. Үлкен бөлменің төбесінде шаңырақ тәрізді тесік жасалынған. Ол арқылы жарық түседі, түтін шығып ауа алмасып отырады. Ауа райына байланысты ол тесік азайтылып, не үлкейтіліп арнайы қақпақпен реттелінеді.

Талдауымызды қорыта келе, Жайық қалашығы үйінің нақты бір түрінің графикалық реконструкциясын ұсынамыз (Сур. 3).

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахатов Г.А. Археология Западный Казахстан. История. Казахстана Средневековье. - Алматы: Вестник КазНПУ, 2017.

2. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов вузов. — Алматы: Казак университеті, 2006.— 355 с. ISBN 9965-30-076-3

3. Смагулов Е.А. К истории происхождения и развития «жилища отрарского оазиса»// Известия НАН РК. Серия общественных наук. № 1, 2010.

4. Жилище народов Средней Азии и Казахстана. АН СССР, Институт этнографии им. И.И Миклухо-Маклая. Изд. «НАУКА», М.,1982.